

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 1154 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1179 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1179 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 3

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 1 5 4

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесінің он жылдан астам жұмыс істеуі кезеңі ішінде елде түбегейлі әлеуметтік-саяси өзгерістер болды. Экономикалық дамудың нарықтық үлгісіне көшу, мемлекеттік басқару жүйесінің терең реформасы, халықаралық терроризм тарапынан жаңа қатерлер мен арандатушылықтардың пайда болуы төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс жүйесінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі мен орнын жан-жақты таразылауды талап етеді. Апаттарға қарсы тұрудың ұзақ мерзімді перспективаға арналған жаңа идеологиясын құру және

іске асыру, азаматтық қорғаныстың мүлдем өзгеше тұжырымдамасын қалыптастыру, мемлекеттік материалдық резерв жүйесін өсіп отырған уақыт талаптарына сәйкес келтірудің көкейтесті қажеттілігі туындады.

Осыған байланысты осы Тұжырымдамада төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы қызметті одан әрі дамыту, мемлекеттік материалдық резервтің жұмыс істеуі, осы салалардағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөнінде негізгі идеялар мен ойлар баяндалған.

Климаттың өзгеруі, дүлей зілзалаларға ұшырауға бейім өңірлерді шаруашылық тұрғыдан игеру, урбанизациялану, өндірістік технологиялардың күрделенуі әлем халқын төтенше жағдайларға тап болу қатерінің өсуіне әкеп соғуда. Мысалы, соңғы 40 жыл ішінде табиғи апаттардан келген залал 9 есе, ал олардың болу жиілігі 5 есе өсті. 1960 жылдан бастап дүлей зілзалалардан болған экономикалық залалдың өсу қарқыны өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсу қарқынынан озып кетті.

2005 жылғы 22 қаңтарда Апаттардың қауіптілігін азайту жөніндегі II дүниежүзілік конференция қабылдаған Хиог декларациясында (Кобе қаласы, Жапония) апаттармен күресуге үкіметтер, азаматтық қоғам, халықаралық ұйымдар, ғылыми қоғамдастықтар, қаржы институттары, жеке сектор мен еріктілердің қатысуы қажет екендігі атап өтілген. Апаттардың алдын алу мәдениетін әрбір нақты адамнан әлемдік қоғамға дейінгі барлық деңгейде көтеру қажет. Қатерлер деңгейін төмендету проблемасына ұлттық саясатта басымдық сипат беру қажет.

"Қырғи қабақ соғыс" аяқталысымен термоядролық қаруды кең көлемде қолдана отырып жүргізілетін әлемдік шиеленіс ықтималдылығы күрт азайды. Солай бола тұрса да, әлемде адамдардың террорлық әрекеттерден жаппай зардап шегу оқиғалары жиілеп кетті. Әлемнің әр бөлігіндегі экстремистік топтар ядролық, химиялық және бактериологиялық қарудың даяр үлгісін не оларды дайындау технологиясын иеленуге барынша күш салуда. Бұл ретте, бірнеше рет бейбіт халыққа қарсы түйнеменің ұрықтарын, улы заттар мен "лас" радиоактивті бомбаларды қолдану әрекеттерінің бірнеше мәрте жасалғаны байқалды.

Қазақстан Республикасы өзінің географиялық және саяси жағдайына байланысты жоғарыда аталған әлемдік үрдістерден оқшау жатыр деп айта алмаймыз. Республикада жыл сайын төтенше жағдайлардан келетін тікелей залал (жаһандық дүлей зілзалалар болмағанның өзінде) 3,5-тен 4,5 миллиард теңге сомасында есептеліп отыр. Сараптамалық бағалау бойынша жанама залал мұндай жағдайда 15-20 миллиард теңге, ал адамдардың қаза болуы мен зардап шеккендерді емдеу - 3 миллиардқа жуық теңге сомасында бағаланып отыр. Бұның жалпы сомасы жыл сайын 25 миллиард теңгені құрауы мүмкін.

1. Халық пен аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғаудың қазіргі заманғы жай-күйі, еліміздің азаматтық қорғаныс жүйесінің әзірлігі

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар

Республика аумағының түрлі табиғи, кен-геологиялық және геодинамикалық жағдайлары оның табиғи апаттарға - жер сілкінісіне, су тасқынына, селге, сырғымаға, қар көшкініне, дауылға, орман және дала өрттеріне, температураның күрт төмендеуіне және қарлы боранға, эпидемиялар мен эпизоотияларға ұшырауға бейім екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар сейсмикалық қауіпті аудандардағы 30%-дан 60%-ға дейінгі өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттар сейсмикалық орнықтылық талаптарына жауап бермейді. Салынып және жаңғыртылып жатқан объектілерде құрылыстағы сейсмикалық орнықтылық нормасының сақталуын бақылау тиімсіз болып отыр. Қазақстанның көптеген өңірлерінде егжей-тегжейлі сейсмикалық аудандарға бөлу картасы жоқ. Қалалардың көпшілігіне және ірі елді мекендерге шағын сейсмикалық аудандарға бөлу картасы осы күнге дейін жасалынбаған, бұл ол жерде жаңа ғимараттарды салу және ескі құрылыстарды сейсмикаға қарсы нығайту кезінде барабар техникалық шешім қолдануға мүмкіндік бермейді.

Қазақстанда қазіргі 653 гидрокұрылыстың 268-і, олардың ішінде ең ірі 28-і шұғыл жөндеуді қажет етеді. Бұл ретте су шаруашылығы объектілерінің іс жүзінде тозуы 60%-ды құрап отыр.

Таулы аумақтардың қарқынды игерілуі, қауіпті табиғи құбылыстардың жандануы (жаһандық жылынуға байланысты) селге және сырғымаға қарсы жаңа қорғану құрылыстарын салуды және қазіргілерін жаңғыртуды, сел және сырғыма жүру қаупі бар аудандарда қала құрылысы саясатын өзгертуді, басқа ұйымдастыру шараларын қабылдауды талап етеді.

Республикада көшкінге қарсы қызмет нашар дамыған. Көшкіндерді алдын ала түсіру жекелеген, аса қауіпті учаскелерде ғана жүргізіледі. Республиканың таулы аудандарындағы қар жамылғысының жай-күйін бақылау жүйелері нашар дамыған, соның салдарынан көшкін ғана емес, болуы мүмкін сел жағдайы болжамдарының қажетті дәлдігі жоқ.

Температураның күрт төмендеуінен, борандардан, қатты дауылдардан және бұрқасындардан болатын залалды және зардап шеккендердің санын азайту бойынша шаралардың тиімділігі оларды дәл болжай алмау әрі коммуналдық және жол қызметтерінің жеткілікті дайын болмауы сияқты проблемаларға

б а й л а н ы с т ы

т ө м е н д е г е н .

Эпидемиялық және зооноздық инфекцияларға қатысты жағдай тұрақсыз күйінде қалып отыр.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар

Негізгі қорлардың, жылжымалы құрамның және көліктегі инфрақұрылымның сапалық және физикалық тозуы, мұнай-газ кен орындарын және басқа да табиғи ресурстарды игерудің қарқын алуы, оларды тасымалдау және қайта өңдеу көлемдерінің ұлғаюы техногендік қатерлердің өсуіне нақты алғышарттар ж а с а й д ы .

Қатерлердің туындауына тозған жабдықтарды пайдалану, технологиялық және өндірістік тәртіптің төмен болуы, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, ішкі ведомстволық және өндірістік бақылаудың әлсіздігі, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің төмен біліктілігі, республикаға мүлдем тозған және сапалық ескірген жабдықтарды әкелу басты себептер болып табылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің міндетті техникалық және технологиялық нормаларын қамтитын нормативтік құқықтық кесімдердің негізгі бөлігі ә з і р л е н б е г е н .

Техникалық бақылаудың объектілерге халық пен аумақтар үшін өнеркәсіптік қызметінің қауіптілігі, олардағы техногендік төтенше жағдайлардың туындау ықтималдылығы бойынша саралап жіктеу жүргізілмейтін тұтас жүйесі қ о л д а н ы л ы п о т ы р .

Техникалық қатерлерді төмендету жөніндегі қызметті реттейтін және материалдық-техникалық қамтамасыз ететін экономикалық тетіктер жоқ.

Қауіпті өндірістік объектілердің жабдықтарын сертификаттаудың, сондай-ақ қауіпті өнеркәсіптік қызметті лицензиялаудың және сақтандырудың қалыптасқан жүйесі нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес келмейді.

Көліктегі қауіпсіздіктің қажетті деңгейі орныға қоймаған.

Елді мекендерді салу кезінде қала құрылысы нормаларын сақтамау, өрт қауіпсіздігінің нормаларын сақтамастан үйлер мен ғимараттарды (әсіресе тұрғын үйлерді) қайта жабдықтау, жаңғырту, техникалық қайта жабдықтау, өртке қарсы су құбырларын техникалық дұрыс жағдайға келтіру бойынша шаралардың қабылданбауы, ғимараттарды салу және оларға әрлеу жұмыстарын жүргізу кезінде жанғыш және улы материалдарды қолдану өрттен болатын құрбандар санын және материалдық зиянды өсіруде.

Жыл сайын 1000-нан аса өрт болатын республиканың орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты күрделі жағдай қалыптасуда. Табиғи өрттердің алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуде

мемлекеттік органдар тиісті үйлескен іс-қимылдар жүргізбей отыр.

Ерікті өрт сөндіру құрамалары іс жүзінде жойылған, бұл көптеген елді мекендердің өрттерден қорғансыз қалуына әкелді.

Теңіз және өзен тасымалының дамуына орай су айдындарында төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігі күрт арта түседі. Сонымен бірге, теңіздерде, көлдерде және өзендерде болатын төтенше жағдайларды жоюға қабілетті суда жүзу құралдары жоқ.

Негізінен алғанда, көптеген ескі және авариялық жағдайдағы ғимараттар мен құрылыстар республиканың барлық өңірлерінде пайдаланылып жатыр десе де болады. Жыл сайын құрылыс құрастырмаларының қирауынан адамдар баспанасынан, мүлкінен айрылады, жарақат алады және қаза табады.

XXI ғасырдың басында адамзат халықаралық терроризм мен экстремизм сияқты тағы да бір қатерлі арандатушылыққа аяқ басты. Террористердің осы заманғы техниканы, радиациялық-химиялық және биологиялық қауіпті заттар мен материалдарды пайдалана алатын, сондай-ақ техногендік төтенше жағдайларды қолдан жасай алатын мүмкіншіліктерінің болуы террорлық әрекеттердің, әсіресе химиялық және биологиялық шабуылдардың жасалуы кезінде олардың зардаптарын жоятын күштердің (қызметтердің) материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайтуды талап етеді.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған авариялық-құтқару күштері мен құралдары, мемлекеттік материалдық резерв

Төтенше жағдайлардың саны мен ауыртпалығының өсуі жағдайында республикада қазіргі кәсіби авариялық-құтқару күштері өздерінің жарақтануы мен сандық құрамы бойынша құтқару жұмыстарын толық көлемде орындай алмайды және олар елеулі нығайтуды қажет етеді.

Өрт сөндіру бөлімдерінде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы техника іс жүзінде мүлдем жоқ, авариялық-құтқару керек-жарақтары мен жабдықтары жеткіліксіз.

Судан құтқару қызметінің жүйесінде күрделі жағдай қалыптасқан, ондағы жабдықтар мен техниканың көпшілігінің 80%-дан астамы тозған.

Қазақстанның бүгінгі таңда Каспий теңізінің аумақтық суларындағы кемелерде, танкерлер мен паромдарда болуы ықтимал өрттер мен техногендік аварияларды жоюға, теңізге төгілген мұнайды оқшауландыруға, теңізде апатқа тап болған адамдарды құтқаруға қабілетті теңіз кемелері жоқ.

Жергілікті кәсіби авариялық-құтқару жасақтары іс жүзінде құрылмай отыр.

Жедел құтқару жасақтары мен әскери бөлімдерді осы заманғы шағын

механизация құралдарымен, арнайы қорғаныш жарақтарымен, барлау және адамдарды іздестіру приборларымен жарақтандыру мәселесі, әсіресе химиялық және радиоактивті зақымдануға бейім аумақтарда құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өткір күйінде қалып отыр.

Мамандандырылған өрт сөндіру және авариялық-құтқару операцияларын жүргізуге арналған ұшу аппараттарына, жүк көтергіштігі үлкен ұшақтар мен тікұшақтарға өткір қажеттілік бар.

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы байланыс, хабарлау және ақпараттандыру жүйелері өздерінің техникалық жарақтануы, жүйелі құрылымы мен бағдарламалық қамтамасыз етілуі бойынша осы заманғы талаптарға сай емес. Мысалы, төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс жүйесінде республика ауқымын қамтитын біртұтас ақпараттық-коммуникациялық орта жоқ. Жедел байланыс құралдары жетіспейді, ал қазіргі қолда бары ескірген және көбіне осы заманғы аппаратурамен жұмыс істеуге сәйкес келмейді. Қазіргі байланыс құралдары, сондай-ақ компьютерлік жарақталу төтенше жағдайларды жоюды басқару пункттерінің жеткілікті ұтқырлығын қамтамасыз ете алмайды. Кең көлемді қауіптіліктер туралы халықты хабардар ету жүйесі электрондық бұқаралық ақпарат құралдарымен жеткілікті кірікпеген. Жақын маңайдағы өндіріс объектілерінде болған авариялар туралы тұрғындарға хабар берудің жергілікті жүйелеріне деген өткір ж е т і с п е у ш і л і к б а р .

Апаттық медицина қызметінің қажетті материалдық-техникалық және кадрлар базасының болмауына, оның облыстардағы орталықтарының әлсіздігіне, біртұтас орталықтандырылған диспетчерлік қызметтің болмауына, осы саладағы мамандар даярлау жүйесі мен отандық ғылыми мектептердің кенжелеп қалуына байланысты тиімді жұмыс істеуін едәуір төмендетеді.

Апаттық медицина клиникасының болмауына байланысты төтенше жағдайлар кезіндегі патологиялық жай-күйлердің бірқатар проблемалары зерделенбейді, медициналық қызметкерлердің кәсіби дағдысы жоғалуда, зардап шеккендерді медициналық қорғаудың әдістері мен тәсілдеріне құтқарушыларды, өрт сөндірушілерді, полицияны оқып-үйретудің әдістемелік басшылығы жүзеге асырылмайды, құтқарушылар мен төтенше жағдайларды жоюға қатысушыларды емдеу және оңалту жөніндегі мүмкіндіктер пайдаланылмай отыр.

Мемлекеттік материалдық резерв жүйесі кәсіпорындарының географиялық орналасқан жері бұрынғы Кеңестер Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі - КСРО) аумағы үшін стратегиялық жоспармен белгіленген және Қазақстан Республикасының халқын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау міндеттеріне барабар емес.

Кең көлемді төтенше жағдайлар туындаған жағдайда мемлекеттік

материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталу номенклатурасы және көлемі азаматтардың қажеттілігіне толықтай сай болмай отыр. Сақтау базаларының құрылымы мен жай-күйі мемлекеттік материалдық резервтің оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді, республикадағы соңғы әлеуметтік және көші-қон процестеріне сай емес. Сақтау базаларынан тауарлық-материалдық құндылықтарды шығарудың күрделі рәсімі оларды төтенше жағдайлар аймақтарына жеткізуді кешеуілдетуге әкеледі.

Жергілікті атқарушы органдардағы төтенше жағдайларға арналған жедел резервтер нашар дамыған. Солай бола тұрса да, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) зардап шеккен халықты дереу қамтамасыз етуге (1-2 тәулік ішінде) қажетті жедел резервін құру бойынша заңнамалық және нормативтік құқықтық негіз жоқ.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан зардап шеккен халыққа келтірілген залалдың орнын толтыру, құтқарушылар мен ерікті құтқарушылардың әлеуметтік қорғалуы

Авариялардан, апаттардан және дүлей зілзалалардан сақтандырудың дамымауына байланысты техногендік төтенше жағдайлар кезінде келтірілген зиянның орнын толтыру өте сирек кездеседі. Мұндай жағдайда жергілікті атқарушы органдарға зардап шегушілерді уақытша баспанамен қамтамасыз ету, олардың материалдық проблемаларын шешу бойынша белгілі бір салмақ түседі.

Залал келтірушілердің болмауына байланысты табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан зардап шегушілерге ықтимал материалдық және қаржылай көмекті мемлекет пен жергілікті атқарушы органдар көрсетуге тырысады. Қазақстан Республикасының заңнамасы мұндай жағдайларда зардап шегушілерге келтірілген залалдың орнын толтыруды көздемегеніне қарамастан мемлекет және жергілікті атқарушы органдар көптеген жағдайларда оларды баспанамен қамтамасыз етеді, белгілі бір материалдық көмек көрсетеді. Мұндай практика халықты жазатайым оқиғалардан және төтенше жағдайлардан ерікті сақтандырудың дамымауының салдары болып табылады. Мұндай жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың қаржылық және мемлекеттік материалдық резервтері, іс жүзінде сақтандыру қорларының рөлін атқарады. Бұл мемлекетке экономикалық залал әкелгенімен қатар, халықтың белгілі бір бөлігінің өз баспаналары мен мүлкінің қауіпсіздігін ойлау туралы қамқорлық жасауға деген ынтасын төмендетеді. Азаматтардың көпшілігі тек қана мемлекет көмегіне сеніп, өз өмірін, денсаулығын және мүлкін сақтандырудың қажеттілігіне мән бермейді.

Солай бола тұрса да, құтқарушыларды, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою

жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартылатын азаматтардың сақтандырылуын және әлеуметтік қорғалуын көздейтін заңнамалық нормалар қажетті шешімін тапқан жоқ.

Азаматтық қорғаныс жүйесі, халықты террорлық әрекеттердің зардаптарынан қорғау

Азаматтық қорғаныс жүйесінің қазіргі құрылымы мен жұмыс істеу қағидаттары бұрынғы КСРО-ның қорғаныс іс-шараларының бір бөлігі ретінде қ а л ы п т а с қ а н .

Егемендік алғалы бері азаматтық қорғаныс жүйесінің қазіргі бар әлеуеті табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін кең қолданылды. Солай бола тұрса да, Қазақстан Республикасында әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалардың тереңдеуіне, оның нарықтық даму жолына түсуіне және жаңа әскери доктринаны қабылдауына байланысты қазіргі азаматтық қорғаныс жүйесінің болып жатқан жаңа саяси және экономикалық ақиқатқа сай келмейтіндігі барған сайын айқын б о л а б а с т а д ы .

Мысалы, нарықтық экономика жағдайларында жеке меншік иелері есебінен азаматтық қорғаныстың қазіргі инженерлік құрылыстарын, сондай-ақ кәсіпорындарда орнатылған хабарлау жүйелері ұстау қиынға соқты. Жаңадан салынып жатқан объектілерде панажайлар салу жүргізілмей отыр. Халыққа арналған жеке қорғану құралдарын, олардың сандық құрамын тиімді сақтау және еліміз бойынша аумақтық бөлу мәселелері шешілмеген. Азаматтық қорғаныс бөлімдерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және террорлық әрекеттердің зардаптарын жою үшін қолдану олардың техникалық базасының, қалыптасқан географиялық орналасуының және ескірген ұйымдастырушылық құрылымдық бөлімшелерінің осы міндеттерге сай еместігіне байланысты қиындап отыр.

Азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының стратегиялық ұтқырлығы қамтамасыз етілмеген. Азаматтық қорғаныс жүйесін қазіргі күйінде сақтау материалдық және қаржы құралдарының едәуір шығындарына, адам ресурстарының кетуіне алып келуі мүмкін.

Соңғы уақытта таяу және алыс шетелдерде болып жатқан террорлық әрекеттер және экстремизмнің бой көрсетуі террорға қарсы операцияларды авариялық құтқару жағынан қамтамасыз етудің аса маңыздылығын көрсетеді.

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласы қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту мақсатында мемлекеттік өкімет билігі деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара жігін ажырату, мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктерін орталықсыздандыру, мемлекеттің жекелеген бақылау функцияларын алып тастау, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрлерін шектеу саласындағы реформаларды жүргізу төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі органдар өкілеттіктерінің ауқымы мен көлемін нақтылауға қатысты төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс саласында қолданыстағы заңнама нормаларын жетілдіруді болжайды.

Сонымен бірге, елде осы заманғы технологиялар мен әлеуетті-қауіпті өндірістер тиісінше енгізіле отырып экономиканың өнеркәсіптік блогының жедел қарқын алуы өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді қайта қарауды талап етеді.

Төтенше жағдайлар саласындағы ғылыми зерттеулер және мониторинг

Қазіргі уақытта төтенше жағдайлардың қандай да бір аспектілеріне қатысты ғылыми зерттеулер сейсмология, сел және сырғыма қауіп саласындағы бірнеше жекелеген тақырыптар бойынша ғана жүргізіледі.

Солай бола тұрса да, республикада жалпы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою проблемаларын кешенді зерттеу бойынша бірыңғай ғылыми орталық жоқ.

Геосаяси жағдайлардың өзгеруіне және Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты елдің азаматтық қорғанысын ұйымдастыру және жүргізу саласында терең стратегиялық және арнайы ғылыми зерттеулер қажет.

Қазақстанның барлық сейсмикалық белсенді аумақтарының толықтай қамтылмауы жер сілкінісі мониторингі жүйесінің ірі кемшілігі болып табылады. Іс жүзінде Алматы болжау полигоны ғана жеткілікті мөлшерде бақылау пункттерімен жарақталған. Қазақстанның батыс өңірлерінің ықтимал техногендік сейсмикалылығы мүлдем зерттелмеген.

Елімізде дауылдарға қатысты алдын-ала ескертулердің жеткілікті расталмауы, қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың назардан тыс қалуы, сондай-ақ су тасқыны ахуалының сенімді ұзақ мерзімді болжауларының болмауы осы төтенше жағдайларға ден қоюдың тиімділігін төмендетеді. Бұған көбінесе метеостансалар желісі мен гидрологиялық бекеттердің жеткіліксіздігі, қар өлшеу маршруттары санының аздығы себеп болуда.

Сел қауіп көздерінің әуе мониторингі Алматы қаласы мен Алматы облысына тиіп тұрған Іле Алатауы таулы аймақтарында ғана жүргізіледі. Сел жүру қауіпі бар көздері мониторингінің автоматтандыру процесі әлі де тәжірибелік-экспериментальдық жұмыстар аясынан шыққан жоқ.

Сырғыма қауіпіне жүйелі мониторинг жолға қойылмаған.

Ғарыштық мониторингі деректерін іс жүзінде пайдалану процесі жедел ден қою қызметтерінде жолға қойылмаған. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында республика аумағын қашықтықтан ғарыштық бақылау өзінің алғашқы даму сатысында.

Төтенше жағдайларды дәл мониторингілеуге және тиімді автоматтандырылған ден қою жоспарларын әзірлеуге аса қажет осы заманғы геоақпараттық жүйелер баяу енгізілуде.

Іс жүзінде республикада техногендік қатерлердің жүйелі мониторингі мүлдем жоқ. Осыған байланысты өнеркәсіптік авариялар мен апаттарға болжау жасалынбайды, олардың алдын алу және оларға әзірлікті қамтамасыз ету бойынша кешенді іс-шаралар толық деңгейде жүргізілмейді.

Халықты оқыту және кадрлар даярлау

Халықты төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласында оқыту кезінде өткен ғасырдың 70-ші жылдарында белгіленген, қазіргі заман уақытына жауап бермейтін даярлау нысандары мен әдістері пайдаланылады. Осы саладағы түрлі оқыту бағдарламалары (алғашқы әскери дайындық, азаматтық қорғаныс, жол қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, тыныс-тіршілік қауіпсіздігі негіздері, медициналық дайындық және басқалар) көбінесе бір-бірімен еш байланысы жоқ жүйесіз енгізіледі.

Еліміздің жоғары оқу орындарында ұйымдастырылған төтенше жағдайлар жөніндегі мамандарды оқыту оларға деген, әсіресе жоғары әскери-техникалық білімді мамандарға деген сұранысты қамтамасыз ете алмауда. Азаматтық қорғаныс әскерлері үшін офицерлер дайындау жүйесі мүлдем жоқ. Құтқарушылар дайындау жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары да жоқ.

Республикада төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін көтерудің ауқымды, кешенді және жан-жақты процесін ұйымдастыру үшін жеткілікті оқу базасы жоқ.

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы халықты авариялардан, апаттардан және дүлей зілзалалардан қорғау саласында жан-жақты халықаралық байланыстарды жүзеге асырады. Олардың бастылары Біріккен Ұлттар Ұйымының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің, Шанхай ынтымақтастық ұйымының, НАТО-ның "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасының, Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымының, Апаттарды азайту жөніндегі азиялық орталықтың, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің аясында жүзеге асырылатын іс-шаралар б о л ы п т а б ы л а д ы .

Солай бола тұрса да, ілуде болмаса, халықаралық байланыстардың тұрақты істеп тұратын, қалыптасқан және бір ізге түскен бағдарламалар мен өзара іс-қимыл құрылымдары болатын деңгейіне жете алмай отырмыз. Қазақстан халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар мен дүлей зілзалалар кезінде өзара көмек көрсету халықаралық жүйелеріне жеткілікті кірікпеген.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты, объектілерді және аумақтарды қорғауды қамтамасыз етудегі мемлекеттік өкімет билігінің орталық және жергілікті органдарының рөлі

Министрлік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіреді, бағдарламалар әзірлейді, нормативтер, стандарттар мен ережелер бекітеді немесе оларды келіседі, мемлекеттік есеп жүргізеді, ғылыми зерттеулерді, ілімдерді насихаттауды, халық пен мамандарды оқытуды ұйымдастырады, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, өзінің қарамағындағы ахуалды және болжауды қадағалау, бақылау қызметтерінің, сондай-ақ авариялық құтқару және өртке қарсы қызметтер мен құрамалардың қызметін қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, Министрлік төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өңірлік және жаһандық төтенше жағдайларды жою бойынша іс-шараларға азаматтық қорғаныс күштерінің қатысуына басшылық жасайды, ұйымдардың меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан, олардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады, мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің құрамындағы материалдық-техникалық қорларды, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстарды, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражатты пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

Сондай-ақ, Министрлік заңнамаға сәйкес жүктелген міндеттерге сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясаттың, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалаудың қалыптасуын қамтамасыз ететін стратегиялық функцияларды да жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Министрліктің аумақтық органдары мен жедел күштері құрылымдарының жетілмеуі жоғарыда аталған стратегиялық, әсіресе өңірлік және жаһандық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, сондай-ақ азаматтық қорғаныстың жалпы проблемаларын шешу бойынша ведомствоаралық айқын өзара іс-қимыл және үйлестіру жөніндегі ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешенінің функциялары мен міндеттерін іске асыруды толықтай тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Солай бола тұрса да, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті аумақтағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға байланысты тікелей жауапкершілік жергілікті өкілдік және атқарушы органдарға жүктелген.

Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігіне жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, көрсетілген мақсаттарға жергілікті бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету, жергілікті материалдық-техникалық қорлар мен басқа да ресурстарды құру және пайдалану, қажетті қауіпсіздік шаралары туралы халықпен ұйымдарды хабарлау кіреді.

Бұл ретте, олар төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен халықпен қызметкерлерді өздерінің құзыреті шегінде әлеуметтік қорғауды, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген зиянның орнын толтыруды, медициналық қызметпен, төтенше жағдайлар аймағында тұрып, жұмыс істегені үшін өтемақылар мен жеңілдіктер беруді, сондай-ақ төтенше жағдайлар жойылғаннан кейін қоршаған ортаны сауықтыру және ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуі қажет.

Алайда, орталық және жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату реформасына сәйкес облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері жанында құрылған құрылымдық бөлімшелердің қазіргі уақытқа дейін, заңнамаға сай олардың тікелей жауапкершілік саласы болып табылатын тиісті аумақтардағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді сапалы іске асыру үшін жеткілікті материалдық-техникалық, ақпараттық және әдіснамалық базасы жоқ. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға жергілікті атқарушы органдардың жыл сайынғы

резервтері жеткілікті көлемде құрылмай отыр. Бұл ретте, олардың келеңсіз зардаптарын жоюға арналған авариялық құтқару қызметтері мен құрамалары іс жүзінде жоқ.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу, зардаптарын жеңілдету және оларды жою, азаматтық қорғаныс, терроризмге қарсы әрекет жасау саласындағы негізгі мақсат пен міндеттер

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты: бейбіт және соғыс уақыттарында өрттерден, авариялардан, апаттардан және дүлей зілзалалардан, осы заманғы зақымдану құралдарынан және террорлық әрекеттер салдарларынан елдің халқын, объектілері мен аумағын сенімді қорғауды қамтамасыз етуді; бейбіт және соғыс уақытының қатерлері мен арандатушылықтарға тиісінше ден қоя алатын мемлекеттік және жедел резервтердің аумақтық бөлінген тиімді басқару жүйелерін, күштері мен құралдарын құруды және олардың дайындығын жоғары деңгейде ұстауды қамтитын ұзақ мерзімді перспективаға арналған апаттарға қарсы әрекет жасаудың жаңа идеологиясын жасап шығару болып табылады.

Жоғарыда аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай негізгі міндеттерді:

дағдарыстарды басқарудың тиімді тетіктерін, оның ішінде төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы жауапкершілік пен өкілеттіктерді оңтайлы бөлу арқылы жасап шығару;

Қазақстанның табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ұшырауға бейім аумақтарына терең талдау жүргізу, республиканың әр өңірі, елді мекені мен объектісі үшін ықтимал қауіптер мен қатерлерді анықтау, олардың халыққа, материалдық құндылықтарға және қоршаған табиғи ортаға қауіптілік деңгейін бағалау;

қатерлердің барлығын қамтитын, автоматтандырылған мониторингі жүйесін құру, авариялар, апаттар және дүлей зілзалалар болжамдарын дер кезінде хабарлау және олардың шынайылығын қамтамасыз ету;

мемлекеттік басқарудың, аумақтардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың барлық деңгейдегі іс-қимылдарын қамтитын төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жоспарларының, азаматтық қорғаныс іс-шараларының жүйесін әзірлеу;

табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау салдарларын барынша болдырмау немесе болмаса жұмсарту;

өндірістік және азаматтық объектілерде техникалық және өрт қауіпсіздігі деңгейін көтеру, табиғи өрттерді уақтылы алдын алу және жоюды қамтамасыз ету;

бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларға, террорлық әрекеттерге ден қою күштері мен құралдарын аумақтық бөлу жүйесін құру, олардың жеделдігін және стратегиялық ұтқырлығын арттыру, өрт сөндіру қызметіне өрт сөндіру-құтқару қызметі деген мәртебе беру;

азаматтық қорғаныс жүйесінің әзірлігін арттыру, оны елдің жаңа геосаяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкес келтіру;

бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлардағы іс-қимылдардың тәртібі мен ережесіне, төтенше жағдайларда өзін-өзі қорғау мен өзара көмек көрсетуге халықты оқытудың осы заманғы, тиімді жүйесін құру, осы саладағы әлемдік стандарттар мен даму перспективаларын ескере отырып, төтенше жағдайларды басқару органдары мен қызметтері үшін кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру;

өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуда және оларды жоюда, еліміздің азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауда халықтың кең түрде қатысуы үшін жағдайлар қамтамасыз ету;

осы заманғы қатерлер мен арандатушылықтарға бейбіт және соғыс уақытында құрамы, саны және орналасуы бойынша (төтенше жағдайлардан зардап шеккен аудандарға жедел жеткізу мақсатында) оңтайлығы жағынан сәйкес келетін мемлекеттік материалдық резерв құру, резервтердің броннан шығару рәсімін оңайлату;

мемлекеттік басқарудың барлық деңгейін қамти отырып, осы заманғы және перспективалық технологиялар негізінде төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы байланыс, хабарлау, ақпарат және автоматтандырылған басқару жүйесін жаңғырту, оларды бірыңғай басқару жүйесіне кіріктіру;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, оны өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларға, осы заманғы қатерлер мен арандатушылықтарға сәйкес келтіру, төтенше жағдайлар саласындағы экономикалық реттеу тетіктерін, оның ішінде төтенше жағдайлардан сақтандыруды тиімді қолдану есебінен нығайту, аварияларды, апаттарды және дүлей зілзалаларды жоюға қатысып зардап шеккен адамдардың, оның ішінде кәсіби құтқарушылардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

Министрлікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың ғылыми-практикалық әлеуетін пайдалана отырып, төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласында мамандандырылған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық ұйымдар құру, осы саладағы жаңа жетістіктер мен технологияларды енгізу проблемаларын шешудің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар туындаған кезде апаттық медицинаның ден қою

жеделдігін, оның жұмыс істеу тиімділігін арттыру; кең көлемді төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, әлемнің басқа мемлекеттері, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар тарапынан Қазақстан Республикасына кең көлемде ізгілік көмек көрсетуге, республикаға авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың алдын алу мен оларды жою, азаматтық қорғаныс және терроризммен күресу саласындағы ең бір жаңа ілімдер мен технологиялардың келуіне кепілдік беретін халықаралық ынтымақтастық деңгейін қамтамасыз ету қажет.

3. Елдің Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жүйесін, азаматтық қорғанысын дамытудың негізгі бағыттары

Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы басқару жүйесін жетілдіру

Республикадағы төтенше жағдайлардың басым көпшілігі жергілікті сипат алатындығын ескере отырып, республиканың әрбір ауданында (қаласында) жергілікті сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың салдарларын жоюға қабілетті, осы аумақтағы бар қауіптерге барабар әрі жеткілікті түрде жарақталған және жан-жақты дайындалған құрылым құру қажет.

Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдар өңірлерде кепілді азаматтық қорғауға барлық қажетті жағдайларды жасау мақсатында аумақтардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға бейімділігін, олардың болуы мүмкін ауқымын егжей-тегжейлі бағалауды, жергілікті жерлерде жеткілікті түрде қаржылай қамтамасыз ете отырып, қатерлерді азайту және олардың зардаптарын жұмсарту бойынша іс-шаралар әзірлеуді және іске асыруды, жергілікті материалдық-техникалық қорлар мен басқа да ресурстар құруды қамтамасыз етуі қажет.

Өңірлік және жаһандық сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде облысаралық өзара іс-қимылдарды үйлестіруге, аса күрделі іздестіру және авариялық құтқару жұмыстарын жүргізуге, жергілікті құрылымдардың іс-қимылына қолдау көрсетуге әрқайсысының жауапкершілік аумағына бірнеше облысты қоса отырып, перспективада Министрліктің өңірлік орталықтарын (оның аумақтық органдарын оңтайландыру арқылы) құру мәселесін қарау қажет. Сонымен бір мезгілде Министрліктің осы орталықтары елдің азаматтық қорғанысы басқару жүйесінің өңірлік бір бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейіне өңірлік және жаһандық төтенше жағдайларға ден қоюды үйлестіруді (ұйымдастыруды), сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға (бөгеттерді нығайту, селден қорғау құрылыстары мен гидротехникалық құрылыстарды салу) ірі жобалардың іске асырылуын бекіту қажет. Бұл ретте, төтенше жағдайлар саласындағы орталық атқарушы орган, негізінен, стратегиялық функцияларды, өңіраралық үйлестіруді және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады. Мыналар: төтенше жағдайлардың бірыңғай мониторингі, төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы мамандарды орталықтандырылған түрде дайындау, азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың ортақ проблемаларын ғылыми зерттеу жалпы мемлекеттік мүдделерді көздей отырып, жүргізілуі қажет. Республикалық деңгейде халықаралық құтқару операциялары және аса күрделі авариялық құтқару жұмыстары орындалатын болады, мамандандырылған инженерлік жұмыстар, құтқарушыларды оңалту өткізіледі, төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге медициналық көмектің күрделі түрлері көрсетіледі.

Жергілікті, өңірлік және республикалық төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс құрылымдары бір-бірімен қосарланған ақпараттық арналар арқылы тәулік бойы байланыста болуы қажет және "электрондық Үкімет" желісіне шығатын бірыңғай ақпараттық-басқару компьютерлік желісіне біріктірілуге тиіс. Бұл қысқа мерзімде деңгейлес құрылымдардың бір-біріне (аудандардың, облыстардың бір-біріне көмек көрсетуі), сондай-ақ жоғары құрылымдардың төмендегілерге (облыстың ауданға, Министрліктің өңірлік және жаһандық төтенше жағдайларға ден қою күштерінің облыстарға көмек көрсетуі) барабар өзара іс-қимылын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға әзірлікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметте басты басымдық инженерлік іс-шаралар (ғимараттарды сейсмикалық жағынан нығайту, гидротехникалық және селге қарсы құрылыстарды салу, қайта жаңғырту және нығайту, жар құлау қаупі бар беткейлерді, өзен жарқабақтарын нығайту және өзен арналарын тазарту, құрылыс сапасын қатаң бақылау және т.б.) өткізу болып табылады.

Сонымен қатар ұйымдастырушылық сипаттағы шараларды күшейту (қауіпті аумақтарға құрылыс салуға тыйым салу, ол жерлерден адамдарды көшірту), табиғи қауіптерді болжау, мониторингіні жақсарту және ғылыми зерттеулерді тереңдету жөнінде іс-шаралар қабылдау қажет. Дүлей зілзалалардан заңды және

жеке тұлғаларды ерікті түрде сақтандыруды дамытуға ең қолайлы сақтандыру
режимін ұсыну орынды.

Жойқын жер сілкіністерінен келетін зиянды азайту үшін:
республика аумағында сейсмикалық мониторингін кеңейту және сапасын
жақсарту, сейсмикалық аудандарға бөлу карталарын нақтылау қалалар мен ірі
елді мекендерді егжей-тегжейлі шағын сейсмикалық аудандарға бөлуді жүргізу;
мектептер, жоғары оқу орындары, бала бақшалар, ауруханалар, емханалар,
кинотеатрлар сияқты көпшілік адам жиналатын барлық объектілердің
сейсмикалық нығайтылуын белгіленген жоспар бойынша жүргізу, мүлдем
тозығы жеткен үйлер мен ғимараттардың бұзылуын қамтамасыз ету;
жаңа ғимараттарды салу кезінде сейсмикалық орнықтылық нормаларын
сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру науқанын сейсмикалық қауіпті
өңірлердің халқы арасында кең түрде үнемі өткізу;
құрылыстың сейсмикалық орнықтылық сапасына бақылауды күшейту,
сәулет-құрылыс бақылау қызметтерін нығайту;
болуы мүмкін жойқын жер сілкіністеріне жедел ден қою күштері мен
құралдарының әзірлігін арттыру қажет.

Су тасқынынан, селден, сырғымадан және қар көшкінінен шығындарды
азайту мақсатында:

қауіпті учаскелерде ғылыми ізденістер және оларға паспорттау жүргізу;
сел, сырғымалар мен қар көшкіндерінің бірыңғай тиімді мониторингі
қызметін құру;

өзен жарқабақтарын нығайту, арналарды түзету және өзен табанын тереңдету
бойынша, жағалауды қорғайтын және селден қорғайтын әрі басқа да
гидротехникалық құрылыстардың беріктілігін арттыру және олардың жаңаларын
салу бойынша, қар көшкіні мен сырғыма қауіпі бар тау беткейлерін нығайту
бойынша, дер кезінде төмен қарай қауіпті мұздық көлдерді ағыту және
бақылауда ұстап отырып, қар көшкінін түсіру бойынша қажетті
инженерлік-қорғау жұмыстарының көлемін орындау;

су қорғау және басқа да қауіпті аймақтарда тұратын халықты кейіннен
қауіпсіз жерлерге көшіре отырып, кезең-кезеңімен ол жерлерді өнеркәсіптік,
азаматтық және тұрғын үй құрылыстарынан босату қажет.

Гидрологиялық және метеорологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардан
халықты қорғаудың тиімділігін арттыру үшін:

қауіпті табиғи құбылыстардың мониторингін және оларды болжаудың
сапасын арттыру;

гидрометеорологиялық болжамдардың, олардың ішінде ең алдымен
дауылдарды ескертудің, мұздықтар мен су тасқындары жағдайының
ғылыми-негіздемелік әдістемесін әзірлеу қажет.

Елдегі эпидемиологиялық және эпизоотикалық жағдайды жақсарту үшін: еліміздің халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қ а б ы л д а у ;

аса қауіпті жұқпалы табиғи ошақтарда тұратын және жұмыс істейтін халықтың егілуін қамтуды жүзеге асыру;

эпизоотикаға қарсы іс-шаралар деңгейін көтеру, мал басының және үй жануарларының қажетті деңгейде егілуін қамтамасыз ету, ветеринарлық қызмет пен шекаралық ветеринарлық бақылау бекеттерінің жұмыстарын жақсарту;

жұқпалы аурулардың алдын алу және олармен күресу, олардың сырттан келуін алдын алу жөніндегі мемлекеттік шекарадағы санитарлық-карантиндік бекеттер жұмыстарының тиімділігін арттыру;

санитарлық-эпидемиологиялық сараптау мен ветеринарлық ұйымдардың аумақтық орталықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту қажет.

Халық пен аумақты техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін: техногендік төтенше жағдайлардың мониторингін және оларды болжауды қ а м т а м а с ы з е т у ;

шаруашылық жүргізу мен өндірісті басқарудың өзгерген жағдайларында өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа нысандары мен әдістерін ә з і р л е у ;

сертификаттау, жауапкершілікті сақтандыру, басшылар мен персоналды даярлау және аттестаттау сияқты өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқарудың барлық мүмкіндіктерін п а й д а л а н у ;

қауіпті өндірістік объектілердің жұмыс істеу қауіпсіздігін декларациялау р ә с і м і н ж е т і л д і р у ;

өндірісті жаңғыртуды жеделдету, кәсіпорындардың дамуға және техникалық қайта жарақтануға бағытталатын пайдасының бір бөлігін инновациялық процестерге тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

көмірсутегі шикізатының пайдаланылмайтын кеніштерінде, бірінші кезекте Каспий теңізінің су астында қалатын жағалауының учаскелерінде ұңғымаларды жою және консервациялау жөніндегі іс-шараларды орындау қажет.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар мен кәсіпорындар б а с ш ы л а р ы н ы ң :

ықтимал техногендік төтенше жағдайлардың сценарийлерін болжау және техникалық қатерлердің республикалық, аумақтық, объектілік болжау к а р т а л а р ы н ж а с а у ;

экономика салаларында және аумақтық белгісі бойынша мониторинг және техникалық қауіптерді басқару жүйелерін құру;

техникалық қатерлерді басқару, болжау және олардың мониторингі процестерін бағдарламалық қалыптастыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамыту;

техногендік төтенше жағдайлардың туындау қатерлерін нормалау саласындағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны қалыптастыру; өнеркәсіптік және тау-кен өндірістерінің қауіпті қызметін техникалық реттеу жүйесін құру және дамыту;

өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру бойынша үйлестірілген іс-шараларды жүргізу қажет.

Республикада өрт жағдайын тұрақтандыру және оны одан әрі төмендету, елді мекендер мен шаруашылық жүргізуші объектілердің өрт қауіпсіздігін жоғары деңгейде ұстау мақсатында:

жобалау, құрылыс салуға жер телімдерін бөлу кезінде, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезінде, жанғыштықтың, түтін шығарудың және уыттылықтың жоғары деңгейі бар материалдарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

қалалар мен елді мекендерде өртке қарсы сумен жабдықтаудың белгіленген нормаларының сақталуы бойынша шаралар қабылдау; республиканың өртке қарсы күштерін кадрлық және материалдық-техникалық жағынан нығайту қажет.

Республиканың мемлекеттік орман қорының өртке қарсы жай-күйін жақсарту мақсатында барлық қажетті алдын алу іс-шаралары кешенін орындау, орман алқаптарына жақын тұратын жергілікті халық арасынан өртке қарсы еріктілер құрамаларын ұйымдастыру қашықтықтан бақылаудың ғарыштық жүйесін пайдалана отырып, ормандардың өрт қауіпсіздігіне орталықтандырылған мемлекеттік мониторинг жүргізу қажет.

Орман қорғау қызметін орман алқаптарын өртке қарсы бейне бақылау жүйелерімен, сондай-ақ әуеден шолу жүргізуге өрт шыққан жерге сөндіру құралдары мен өрт сөндіру десантының жеке құрамын жеткізуге қабілетті ұшу техникасымен қамтамасыз еткен орынды.

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына бақылаудың тиімділігін арттыру қажет.

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы бақылауды

ж е т і л д і р у

ү ш і н :

бақылау қызметін регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді қайта талдау және қайта қарау, олардағы өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігіне, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар іс-шараларына қойылатын талаптарды күшейту;

теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларының қауіпсіз жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын инспекторлық құрамның штат санын тиістілік нормаларына дейін жеткізу;

газ шаруашылығын сегментациялау кезеңінде таратылған газдың тұрғын үйлерде және коммуналдық-тұрмыстық ұйымдарда қауіпсіз пайдалануын бақылау жүйесін (жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып) қалпына келтіру міндеті қойылды.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып және Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына енетіндігін ескеріп нормативтік құқықтық кесімдерді қайта қарауды жүргізіп отырғандығын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасына әкелінетін өнімдерге қойылатын міндетті стандарттар мен қауіпсіздік сертификаттарының тізбесін айқындау қажет. Азаматтардың өмірі мен қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, Қазақстан Республикасындағы рұқсат беру жүйесінің іс-қимылын халықаралық талаптар шеңберіндегі кәсіпкерлік қызметті жандандыруға жан-жақты жәрдем көрсетуге бағыттаған орынды.

Табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы сақтандыру

Адамдардың өз өмірін, денсаулығын, мүлкін ерікті түрде сақтандыруға түрткі салу үшін, бұдан кейін, зардап шегушілерге белгілі бір мерзімге уақытша баспана, азық-түлік пен ең қажетті тауарларды беруді ғана қалдырып, мемлекет тарапынан тұрғын үй, қаржылай көмекті өтеусіз беру тәжірибесінен бірте-бірте (халықтың әл-ауқатының өсуіне орай) арылу қажет. Мұндай шешім, сондай-ақ жаңа тұрғын үйді салу, қазіргі ғимараттарды қайта жаңғырту және нығайту кезінде жеке құрылыс жүргізушілердің сейсмикалық орнықтылық нормаларын сақтауына ықпал ететін болады.

Табиғи, техногендік және террорлық сипаттағы төтенше жағдайлардың қатерінен адамдардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарының қызметіне ең қолайлы жағдай режимін жасау орынды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін осындай сақтандырудың сөзсіз тиімділігі туралы кең көлемде насихат науқанын жүргізулері қажет.

Сонымен бірге, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру саласында қауіпін сандық параметрлерінің азаматтардың өміріне, мүлкіне және қоршаған ортаға ықтимал әсер ету аймақтарын айқындай отырып, төтенше жағдайлардың туындау қаупін бағалау жүйесін әзірлеуге қатысты бірқатар мәселелерді шешу қажет.

Республиканың батыс өңірінде көмірсутегі шикізатын барлауды, өндіруді, тасымалдауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын компаниялардың объектілердегі авариялар мен апаттардың зардаптары үшін, оның ішінде трансшекаралық төтенше жағдайлар туындау қатерлерін олардың сақтандыруы арқылы мемлекеттің алдындағы толықтай жауапкершілігін көздеу қажет.

Елдің азаматтық қорғаныс жүйесін жетілдіру

Елдің азаматтық қорғаныс жүйесін Қазақстан Республикасының егемендік мәртебесіне, оның әскери доктринасына, жаңа әлеуметтік-саяси және экономикалық ақиқаттарға сәйкестендіру қажет.

Осыған байланысты азаматтық қорғаныс жүйесінің қазіргі үлгісінен бас тарту қажет және оның жұмыс істеуін стратегиялық ұтқырлық, ақылға қонымды жеткіліктілік және жан-жақтылық принциптеріне сүйене отырып, ауыстыру қажет.

Стратегиялық ұтқырлық принципін қолдану қандайда бір геосаяси жағдайда халық арасында едәуір шығынға, сондай-ақ тыныс-тіршілік пен қорғаныс қабілеттілігі үшін аса маңызды объектілердің қатардан шығуына әкелетін қазіргі заманғы қырып-жою құралдарының қолданылуы барынша ықтимал еліміздің дәл осы өңірлеріне және дәл осы объектілеріне азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарын жеткізуді көздейді.

Ақылға қонымды жеткіліктілік принципін қолдану азаматтық қорғаныс құралдары қорының (жеке қорғану құралдарының, инженерлік құралдардың, қорғану құрылыстарының) едәуір шектелген көлемін, сондай-ақ азаматтық қорғаныстың ең аз қажетті күштерін әзірлікте ұстауды білдіреді. Бұл ретте, жоғары дәлдікті жеткізу құралдарының пайда болуына байланысты қазіргі заманғы қырып-жою құралдарының жауынгерлік бөлімдерінің қуаты едәуір төмендегені ескерілуі тиіс. Бұл ретте республика аумағы бойынша халыққа жеке қорғану құралдарының қажетті санын оңтайлы географиялық таратылуын анықтау айрықша маңызды.

Жан-жақтылық принципі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, террорлық әрекеттердің зардаптарын алдын алу және оларды жою үшін азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарын бейбіт уақытта қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ еліміздің аумақтары мен объектілеріне қолданылатын

қазіргі заманғы қырып-жою құралдарының зардаптарын жою үшін Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесінің күштері мен құралдарын соғыс уақытында қолдану мүмкіндігін көздейді. Сондай-ақ, азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары ретінде өнеркәсіптік, көліктік және азаматтық объектілерді (жер асты қоймалары мен үй-жайларын, кен қазбаларын, метроны) қолданудың жан-жақтылығы көзделуі қажет.

Жоғарыда баяндалғандардың барлығы азаматтық қорғаныс іс-шараларын дайындауға және іске асыруға кететін қаржы мен материалдық шығындарды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы жағдайда әкімдердің бейбіт, сондай-ақ соғыс уақытында да аумақтық бөліністердегі азаматтық қорғаныс бастықтары ретіндегі рөлі мен өкілеттіктері бірден көтерілуі қажет.

Әкім азаматтық қорғаныс міндеттерін орындау кезінде Министрлікпен келісе отырып, жоғарыда аталған аудандық және облыстық төтенше жағдайлар жүйелерін дайын басқару инфрақұрылымдары ретінде пайдалануға мүмкіндігі б о л а д ы .

Жергілікті атқарушы органдар ведомстволық бағынысты аумақтағы азаматтық қорғанысқа тікелей басшылықты жүзеге асырады, халықтың және ұйымдардың азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауын ұйымдастырады, хабарлау құралдарын, басқару пункттерін, жергілікті азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарын ұдайы әзір күйінде ұстап тұрады, азаматтық қорғаныс мүлкінің, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының жиналуын және сақталуын ұйымдастырады, қазіргі заманғы қырып-жою құралдарын қолданудан болған зияндар мен шығындарды төмендетуге бағытталған алдын алу іс-шараларының орындалуын жүзеге асырады, азаматтық қорғаныс іс-шараларын қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Азаматтық қорғаныс саласындағы республикалық мемлекеттік органдардың өкілеттіктері азаматтық қорғаныстың өңірлік және республикалық іс-шараларын жоспарлауды ұйымдастыруға, айрықша кезеңде жергілікті және орталық атқарушы органдардың іс-қимылдарын үйлестіруге, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін басқаруға, азаматтық қорғаныстың күштері мен құралдарының стратегиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл ретте, Министрліктің өңірлік орталықтары еліміздің азаматтық қорғаныс жүйесінің дайын өңірлік басқару инфрақұрылымдары болып табылады.

Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері мен бөлімшелері төтенше жағдайлардың зардаптарын жою үшін пайдаланылатын болады. Айрықша кезеңде, олар стратегиялық ұтқырлық шеңберінде қарсы жақтың қазіргі заманғы қырып-жою құралдарының қолдануы ең ықтимал аймақтар мен объектілерге көшірілетін болады.

Терроризмге қарсы қызметті авариялық құтқару тұрғысынан қамтамасыз ету

Терроризмге қарсы қызметті авариялық құтқару тұрғысынан тиімді қамтамасыз ету мақсатында:

инженерлік, радиациялық, химиялық және медициналық-биологиялық қорғану іс-шараларын іске асырудың басқару мен хабарлау жүйелерін жетілдіру; террорлық әрекеттердің қаупі кезінде және олардың зардаптарын жою кезінде шапшаң жиналып қозғалатын күштер мен құралдардың тиімді жүйесін құру; террорлық әрекеттердің зардаптарын жою үшін қажетті материалдық құралдардың жеткілікті ресурстары мен резервтерін салуды қамтамасыз ету; терроршылардың қазіргі заманғы қырып-жою құралдарын қолдану жағдайында, оның ішінде шет елде құтқарушыларды дайындау жүйесін дамыту; төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде Министрліктің басқару қызметтері мен органдарының басқа қуатты құрылымдармен қызметін үйлестіру бойынша іс-қимылдарын пысықтау қажет.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін мемлекеттік материалдық резерв құру

Осы бағыттағы мемлекеттік материалдық резерв жүйесін дамытудың басты бағыты кең көлемді төтенше жағдайлар туындаған жағдайда азаматтардың қажеттілігіне, қазіргі заманғы экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайларға, болып жатқан көші-кон процестеріне оны толық сәйкестендіру болып табылады.

Осы мақсатта материалдық құндылықтардың номенклатурасы мен оларды сақтау көлемін, құрылымын және сақтау базаларының географиялық орналасуын қ а й т а қ а р а у қ а ж е т .

Тауарлық-материалдық құндылықтардың қалыптастыру және сақтау рәсімдерін жетілдіру, сақтау базаларынан оларды босату рәсімдерін жеделдету үшін оларды қалыптасып жатқан азаматтық-құқықтық қатынастар жүйесіне бейімдеу, рәсімдерді халықаралық сапа стандарттары жүйесіне көшіру; осы заманғы ақпараттандыру және байланыс құралдарын енгізе отырып, мемлекеттік материалдық резервті есепке алатын және оған бақылау жасайтын республикалық автоматтандырылған жүйені құру, оның жұмыс істейтін нормативтік құқықтық базасын жетілдіру орынды.

Жергілікті атқарушы органдардың жедел резервтер көлемін ұлғайтып, номенклатурасын кеңейту қажет. Олар жергілікті деңгейдегі қандай да болмасын аумақта ықтимал аварияларды, апаттарды және дүлей зілзалаларды жою

жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін жеткілікті болуы қажет. Оларды жақын маңайдағы мемлекеттік резерв базаларында сақтауды ұйымдастыру орынды. Бұл ретте, жергілікті резервтерді пайдалану тиісті аумақтық бөліністер әкімдерінің шешімдері бойынша ғана жүзеге асырылуы қажет.

Солай бола тұрса да, Министрліктің зардап шеккен халықты дереу қамтамасыз етуге қажетті жедел резервін құруға (1-2 тәулік ішінде) нормативтік құқықтық негіз жасау орынды.

Халықты оқыту және кадрлар даярлау

Адамдардың өзін-өзі қауіпсіз ұстауының жаңа стереотипін қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға өз еркімен қатысуын азаматтардың ұғынуы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, халықты оқыту және даярлау жүйесін қайта қараған жөн. Осыған б а й л а н ы с т ы :

терроризм мен экстремизм қаупі және олар туындаған кезде, яғни террорлық шабуыл кезіндегі және адамдардың қолға түскен жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін оқытып-үйретуге көңіл аударуды күшейту;

қазіргі заманғы шындықты ескере отырып, тыныс-тіршіліктің қауіпсіздік негіздері бойынша оқу бағдарламаларын қайта қарау, балалар мен жас өспірімдердің қоғамдық қозғалыстарын дамытуға, қызметі төтенше жағдайлардағы әрекеттерге жастарды барынша тереңдетіп дайындауға бағытталатын жазғы дала лагерлерін, кадет сыныптары мен корпусстарын құруға, қауіпсіз тыныс-тіршіліктің іс жүзіндегі дағдысын иеленуге, зардап шеккендерді іздестіруге, құтқаруға және жәрдемдесуге іс жүзінде көмек көрсету және қолдау;

осы заманғы ақпараттық технологияларды даярлау жүйесіне - компьютерлік оқыту бағдарламаларын, компьютер ойындары мен бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларда тәртіп дағдыларын жетілдіру жөніндегі тренажерларды кеңінен енгізу;

Интернет не болмаса жергілікті компьютер желілерін (қала, облыс, республика шегінде) пайдалана отырып, "қашықтықтан" оқытуға мүмкіндік ж а с а у ;

халықты төтенше жағдайлар кезінде өзін-өзі ұстау және іс-қимылдар ережелеріне оқытудың тәсілдерін және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізудің әдістерін қайта қарау, халықты оқытудың "агрессияшыл" әдісін қолдану мүмкіндігін қарастыру, бағдарламалардың, хабарлардың, репортаждардың стандартты емес, қызықты циклдарын жасау жолымен оқытуда бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану мүмкіндігін кеңейту;

өрт сөндіру және авариялық құтқару құрамаларына халықтың ерікті түрде

қатысуы үшін қарқынды насихат жүргізу, бұл ретте материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ете отырып, өрт сөндірушінің, құтқарушының, санитардың негізгі дағдыларына еріктілерді кәсіби оқытудың тиісті жүйесін құру; төтенше жағдайлардың алдын алуда және оларды жоюда қоғамдық ұйымдардың қатысуы үшін жағдай жасау орынды.

Кадрларды даярлау мақсатында белгіленген біліктілік талаптарына жауап беретін азаматтық қорғаныс әскерлерінің басқару органдарын өрт сөндіру және іздестіру-құтқару құрамаларын кепілді жасақтауды қамтамасыз етуге қабілетті кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесін құру талап етіледі.

Бұл міндеттерді шешу:

кадрлар даярлаудың көп деңгейлі жүйесін құруды және дамытуды; оқыту процесін ұйымдастыруда осы заманғы әдістемелерді пайдалануды және білім алушылардың білім деңгейіне тиімді бақылау енгізуді;

Министрліктің Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесінің басқару органдары, өрт сөндіру-құтқару қызметі, азаматтық қорғаныс әскерлері, іздестіру-құтқару құрамалары мен ұйымдары үшін білім беру мекемелерін тыңдаушылармен жасақтауды жүзеге асыруды;

өңірлік деңгейдегі алғашқы кәсіби білім беру мекемелерінде "құтқарушы" мамандығы бойынша кәсіби дайындықты ұйымдастыруды көздейді.

Кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесіне әрбір маманды оның барлық белсенді қызмет істеу кезеңінде біліктілігін ұдайы арттыра отырып, үздіксіз, көп жоспарлы және кешенді сипат беру қажет.

Кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесінің көп жоспарлы сипаты Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесінің барлық жұмыс істеу бағыттары бойынша мамандарды оқытуды көздейді.

Кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесінің кешенді сипаты Министрлік үшін ғана емес, сонымен қатар Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бірыңғай жүйесінің барлық мамандарын, Қазақстанның аумағында орналасқан кез келген меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар үшін кадрларды әр түрлі және жан-жақты даярлауды көздейді.

Министрліктің кадрларды даярлау жүйесі Қазақстан Республикасының кәсіби білім беру жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында мамандар даярлау бойынша шетелдің оқу орындарымен ынтымақтастықты дамыту орынды

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мониторинг, ғылым мен жаңа технологияларды дамыту

Қазіргі ғылыми зерттеулердің жай-күйі, төтенше жағдайлар мониторингісінің қолданыстағы жүйесі осы заманғы талаптарға және ғылыми-техникалық прогрестің деңгейіне жауап бермейді және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша алғашқы шаралар қабылдауға әлі де болса ықпалы әлсіз.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

төтенше жағдайлар жағдайын байқау, бақылау және болжау сияқты тиісті қызметтерді дамыта отырып, Қазақстан Республикасының барлық аумағында табиғи және техногендік қауіптіліктің бірыңғай мониторингін жүзеге асыру қажет. Бұл ретте, мониторингтің осы заманғы құралдары мен технологияларын, оның ішінде Жер бетін қашықтықтан ғарыштық барлап қарау мүмкіншіліктерін к ө з д е у ;

төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы жалпы проблемалар бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

жер сілкіністерін қысқа мерзімде болжаудың әдістері мен әдіснамаларын жасау мақсатында ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізу;

геодинамикалық полигондар құру және геодинамикалық мониторингіні ұйымдастыру, оның ішінде Батыс Қазақстанның, Каспий маңы өңірінің мұнай және газ кен орындарында ;

жоғары дәлділікпен геодезиялық байқаулар жүргізуді қамтамасыз ету;

жер қыртыстарының қазіргі қозғалыстарын зерттеу;

халқының саны 30 мыңнан астам қала үлгісіндегі қалалар мен кенттерді шағын сейсмикалық аудандарға бөлу және сейсмикалық қатер карталарын жасау;

су тасқыны, сел, сырғыма және қар көшкіні қаупі бар аумақтарды паспорттау, осы аумақтардың ықтимал қатерлерінің егжей-тегжейлі картасын әзірлеу, сел тасқындарын бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құру;

гидрометеорологиялық қызметті дамыту және жетілдіру, гидрометеорологиялық стансаларды, бекеттерді, қар өлшейтін маршруттар мен байқау бекеттерін нормативке дейін жеткізу, қауіпті табиғи құбылыстарды болжаудың сапасын және жеделдігін арттыру;

радиациялық, химиялық, бактериологиялық қауіптілік мониторингін ұйымдастыру, радиоактивті материалдарды жинау, қабылдау, сақтау, тасымалдау және ұқсатуға бақылауды күшейту;

үйлер мен ғимараттар құрастырмаларының жай-күйін және қирау қаупінің барын диагностикалау жөнінде ұтқыр диагностикалық кешендер енгізу;

төтенше жағдайлар болжау әдістемелерін нормативтік құжат сияқты әзірлеу, верификациялау және аттестаттау, ақпаратты бірыңғай стандарттар бойынша жинау, өңдеу және алмасу жөнінде әдістемелік нұсқамалар мен регламенттер ә з і р л е у ;

қатерлер деңгейі бойынша аумақты аймаққа бөлу, табиғи және техногендік қауіптіліктердің компьютерлік деректер қорын құру, төтенше жағдайлардың мониторингін және оларды болжаудың бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық жүйесін құру, мамандандырылған геоақпараттық жүйелерді әзірлеу сияқты нақты шаралар қабылдау қажет.

Сонымен қатар, террорлық құрамалар мен элементтердің іс-қимылдары үшін мүмкін нысаналар болып табылатын объектілердің (бөгеттердің, радиациялық, биологиялық, химиялық және жарылыс қаупі бар өндірістердің, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету кәсіпорындарының, энергиямен, сумен, жылумен жабдықтау объектілерінің және т.б.) кіріктірілген деректер қорын құру қажет. Осындай объектілердің болуы мүмкін қасақана бұзылуына тиімді ден қою үшін құтқару және авариялық қалпына келтіру жұмыстарының электрондық жоспарларын жасай отырып, осы төтенше жағдайлар салдарынан туындайтын компьютерлік үлгілерді әзірлеу қажет.

Террорлық әрекеттердің зардаптарына тиімді ден қою үшін мамандандырылған байқау және бақылау ұтқыр химиялық-биологиялық зертханалар құрған орынды.

Ақпараттандыру, байланыс, хабарлау

Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесін, сондай-ақ азаматтық қорғанысты орнықты басқару үшін бейбіт және соғыс уақытында халыққа хабарлаудың кіріктірілген жүйесі бар, ақпарат туындаған көздерден дәл уақытында ақпарат беру мүмкіндігімен тиімді бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық орта құру орынды. Осы міндетті шешу үшін осы заманғы (оның ішінде ұтқыр, ғарыш) байланыс құралдарын енгізу, Республикалық төтенше жағдайлар жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық басқару жүйесінің бағдарламалық-техникалық құралдарын дамыту және жаңарту (осы заманғы ақпараттық технологиялар негізінде) қажет.

Ол жұмыс істеу үшін басқару құжаттамасының бір ізге түсірілген жүйесін және төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ақпаратты сыныптау мен кодтаудың бірыңғай жүйесін құру, сондай-ақ геоақпараттық технологияларды енгізу, ғарыштық мониторингі деректерін қабылдау, өңдеу және жедел қолдану технологияларын енгізу қажет. Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың ақпараттық-коммуникациялық ортасы "электрондық Үкімет" желісіне қосыла алатындай болуы әрі бағдарламалық және техникалық жағынан оған сай болуы қажет.

Өкілеттіктерді орталықсыздандыру процесінде төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы аудандық (қалалық) және облыстық

ақпараттандыру, байланыс және хабарлау құралдарының жоғарыда аталған біртұтас ақпараттық-коммуникациялық ортаға толық кірігуін қамтамасыз ету қажет.

Солай бола тұрса да, ықтимал қауіпті объектілердің барлық иелері өндірістік авариялар мен апаттар туындаған жағдайға жергілікті халықты хабарландыратын жергілікті автоматтандырылған жүйелерді орнатуы қажет.

Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы заңнаманы және нормативтік құқықтық базаларды жетілдіру үшін:

осы Тұжырымдамада көзделген мемлекеттік саясаттың бағыттарын іске асыру мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді осы заманғы техникалық және технологиялық талаптарды ескере отырып, қайта қарауды;

қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүйесін одан әрі дамытуды;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мониторинг жүйесінің нормативтік құқықтық базасын құруды және дамытуды;

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар саласындағы заңнамасын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің және шекаралас мемлекеттердің тиісті заңнамаларына үйлестіруді;

ағымдағы жабдықталым мен ұзақ сақтаудың материалдық-техникалық ресурстарының тиістілік нормаларының, оларды мемлекеттік материалдық резервке салудың нормативтік құқықтық базасын әзірлеуді қамтамасыз ету қажет.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруде көрсетілген іс-шараларды іске асыру:

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мен азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау және рұқсат беру функцияларына түгендеу жүргізу;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы рынок субъектілерін лицензиялау жүйесін жетілдіру;

материалдық құндылықтарды сақтау, жаңарту, орналастыру және мемлекеттік материалдық резервтен шығару мәселелерін құқықтық реттеуді жетілдіру;

төтенше жағдайлар қаупі төнгенде және оларды жою кезінде, сондай-ақ

терроризм мен экстремизм қаупі төнгенде және олар бой көрсеткен кезде өзін-өзі ұстау ережелеріне халықты оқытып-үйретудің құқықтық базасын әзірлеу;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында деректердің, ақпаратты сақтау әдістерінің қорын құруда құқықтық база әзірлеу;

төтенше жағдайлар саласындағы проблемаларды шешу үшін халықаралық ұйымдар мен шетелдің мамандарын тартуда құқықтық базаны жетілдіру;

төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласында студенттерді, мамандар мен ғалымдарды шетелге оқуға, біліктілігін арттыруға және тағылымдамадан өтуге жіберудегі құқықтық базаны жетілдіру;

мемлекетаралық халықаралық ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізуде құқықтық база құру және оны жетілдіру, сондай-ақ төтенше жағдайлар саласында мемлекетаралық ақпарат жүйесін құру;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында өзара іс-қимыл туралы көпжақты және екіжақты халықаралық шарттар дайындау және қамтамасыз ету жолдары арқылы өтеді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың түпкілікті кезеңінде осы саладағы заңнаманы кодтаудың орындылығын қарау қажет.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы халықаралық ынтымақтастық және халықаралық қызмет

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың және халықаралық қызметтің негізгі бағыттарын іске асыру үшін:

қолданыстағы халықаралық шарттардың ережелерін іс жүзінде іске асыру және халықаралық шарттық-құқықтық базаны кеңейту;

ынтымақтас елдердің аумағындағы болжанып отырған және қалыптасқан төтенше жағдайлар туралы (әсіресе шектес елдермен) өзара жедел ақпарат алмасу процесін жетілдіру;

тұрақты негізде шетелдік және халықаралық құрылымдармен бірлесіп төтенше жағдайларға мониторинг және болжау жүргізу;

төтенше жағдайлар туралы мемлекетаралық хабарлама мен хабарлауды ұйымдастыру;

шет елдерде ізгілік және құтқару операцияларын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге қажетті қаржылық, азық-түліктік, медициналық және материалдық-техникалық ресурстардың резерв қорын құруды көздеу; ұжымдық қауіпсіздік (атап айтқанда, Апаттарға ден қою жөніндегі Орталық

Азия үйлестіру орталығын құру) жүйесін қалыптастыру мақсатында төтенше жағдайларға қарсы іс-қимылдың халықаралық құрылымдарын құруға қатысу; шет елдердегі төтенше жағдайларды жоюға Қазақстанның авариялық құтқару құрамаларының, ал Қазақстандағы төтенше жағдайларды жоюға шет ел авариялық құтқару күштерінің қатысуын қамтамасыз ету; шет елдегі төтенше жағдайлар мен қақтығыстар аймақтарынан қазақстандық және шет елдік азаматтардың көшірілуіне ұлттық авариялық құтқару құрамаларын қолдануды көздеу; төтенше жағдайлар мен қақтығыстардың салдарынан зардап шеккен шет елдердің халқына ізгілік көмек көрсетудің жеделдетілген рәсімдерін пысықтау, сондай-ақ Қазақстанда кең көлемді төтенше жағдайлар болған жағдайда ізгілік қызметтер мен техникалық көмекті тарту рәсімдерін жетілдіру; Қазақстанның тиімді геосаяси және географиялық жағдайын пайдалана отырып, халықаралық ұйымдармен бірлесіп, Орталық Азия елдеріне жіберілген шетелдік, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының желісі бойынша келетін ізгілік көмекті сақтауға арналған транзиттік база құру; қазақстандық мамандарды шет елде оқыту, Қазақстанда халықаралық курстар, семинарлар, конференциялар, жаттығулар өткізу, шет елдердегі жаттығуларға қ а т ы с у ; төтенше жағдайлар саласындағы бірлескен ғылыми зерттеулерді, төтенше жағдайлардың туындау қаупін төмендету және олардың ауқымын азайту жөніндегі халықаралық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру, ақпараттар мен жаңа технологиялар алмасуды жүргізу қажет.

Апаттық медицинаны дамыту

Апаттық медицина қызметінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін оның қызметінің, атап айтқанда төтенше жағдайлардан зардап шеккен халықты қорғауды қамтамасыз ету және медициналық-санитарлық қамтамасыз ету басымдығын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру қ а ж е т .

Апаттық медицина қызметінің материалдық-техникалық және кадрлар базасын нығайту, оның диспетчерлік қызметтерін орталықтандыру (сонымен бір мезгілде Апаттық медицина қызметінің статистикасын және ақпараттандырылуын жетілдіре отырып), медициналық қорлар құрудағы және пайдаланудағы, шұғыл медицина мамандарын дайындаудағы, оны ғылыми және нормативтік құқықтық қамтамасыз етудегі проблемаларды шешу қажет.

Ақылға қонымды жеткіліктілік принципін басшылыққа ала отырып, апаттық медицина қызметінің ұйымдары мен құрамаларының құрылымдарын ұтымды ету

, оларды төтенше жағдайлар қатерлеріне қандай да бір аумаққа тән сәйкестікке
к е л т і р у қ а ж е т .

Кең көлемді төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетудің жеделдігін арттыру мақсатында, авариялық-құтқару операцияларын жүргізу кезінде Министрліктің күштерімен тығыз әрі тиімді өзара іс-қимылын орнату, сондай-ақ шетелдегі ізгілік акцияларын орындау үшін, төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органға ведомстволық бағынысты мамандандырылған клиника мен құтқарушыларды оңалту орталығы бар тиісті мамандандырылған медициналық құрылым құрудың орындылығын қарастыру керек.

Төтенше жағдайларды жоюдың жедел күштері мен құралдарын, азаматтық қорғаныс күштерін құру, жарақтандыру және дайындау

Материалдық және қаржы шығындарын барынша азайту үшін жергілікті жерлерде өрт сөндіру бөлімдері мен бөлімшелерінің негізінде, олардың ғимараттарын, құрылыстарын және техникалық базасын пайдалана отырып, Министрліктің авариялық құтқару қызметтерін құру қажет. Осы мақсатта оларды мамандандырылған техникамен, керек-жарақпен жарақтандырып, өрт сөндірушілерді құтқарушылар мен парамедиктердің дағдыларына үйрету қажет.

Нақты жағдайлар мен мүмкіндіктерге байланысты аудандарда (қалаларда) және облыстарда аумақтық авариялық құтқару жасақтары құрылуы мүмкін.

Жедел-кезекшілік қызметтері (құтқару қызметтері) елдің барлық аумағында бірыңғай телефон нөміріне ие болуы қажет.

Орталық бағыныстағы жедел құтқару күштері мен құралдарын аса күрделі, жетуі қиын жерлерде авариялық құтқару жұмыстарын, сондай-ақ халықаралық ізгілік акцияларын орындау бағытында дамыту қажет. Осыған байланысты оларды мамандандырылған техникамен, киім-кешекпен жарақтандырып, жоғары білікті мамандармен жасақтап, олардың құрамына радиациялық-химиялық, сүңгуір, кинологиялық бөлімшелерді енгізу қажет. Оларды еліміздің кез келген жеріне дер кезінде жеткізу үшін, авиациялық техниканы пайдаланған жөн.

Каспий теңізіндегі мұнай-газ қайраңын қарқынды игеруге, ондағы көлік тасымалдарының ұлғайғандығына байланысты мамандандырылған теңіз авариялық құтқару жасағын құрған орынды. Кейіннен осындай құрылымдардың су асты авариялық құтқару және авариялық техникалық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз етуіне назар сала отырып, республиканың басқа да ішкі су қоймаларында құрылуын көздеу қажет.

Азаматтық қорғаныстың бөлімдері мен бөлімшелерін азаматтық қорғаныс әскерлерінің өңірлік орталықтары етіп қайта құру арқылы дүлей зілзалалар мен

кең көлемді авариялардың зардаптарын жою жөніндегі операцияларды инженерлік қамтамасыз етуге бейбіт уақытта пайдаланған орынды.

Жедел күштердің әзірлігін арттыруда төтенше жағдайларды жоюға тартылған құтқарушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, жұмыс берушілердің олардың алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру бойынша заң нормаларының іс жүзінде іске асырылуы маңызды рөл атқаруы тиіс.

Қорытынды ережелер

Осы Тұжырымдаманы іске асыру төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін тәуелсіз Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайына, республикада болған терең экономикалық және әлеуметтік-саяси қайта құруларға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдаманың ережелерін жүзеге асыру төтенше жағдайлар саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізудің тиімділігін арттырады, Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесінің қызметін халықты, объектілерді және аумақты қорғау жөніндегі көкейтесті проблемалар мен міндеттерді шешуге, авариялардан, апаттардан, дүлей зілзалалардан болатын залалдарды және әлемдік қоғамдастыққа төнген жаңа арандатушылықты төмендетуге, қабылданған басқару шешімдерінің сапасын жақсартуға және мемлекеттік бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағыттайды.

О с ы с а л а д а :

нормативтік құқықтық базаны, қатерлерді төмендетуді ынталандырудың
э к о н о м и к а л ы қ т е т і к т е р і н ;

төтенше жағдайлардан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған байқау және болжау, бақылау және қадағалау қызметтерін, сондай-ақ рұқсат беру жүйесін;

төтенше жағдайларға жедел басқару және ден қою, халықты, объектілер мен аумақтарды, бірінші кезекте жер сілкіністерінен, су басудан, селден, сырғымалардан, қар көшкіндерінен инженерлік қорғау жүйелерін;

ықтимал табиғи және техногендік апаттарға, террорлық әрекеттерге дұрыс және барабар ден қоюға халықты оқыту және дайындау жөніндегі қызметті;

төтенше жағдайлар қауіптерін төмендету және алдын алу жөніндегі нақты іс жүзіндегі шараларды орындауға бағдарланған халықаралық ынтымақтастықты;

Мемлекеттік төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жүйесі басқару органдарының, қызметтерінің ақпараттандыру, байланыс және халықты
х а б а р л а н д ы р у ж ү й е л е р і н ;

Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарларының алдын алу және оларды жою жүйесін жетілдіру мен дамыту

жөніндегі нақты бағдарламаларды, жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеу және іске асыру болжанып отыр.

Осы Тұжырымдамада көзделген ережелерді іске асыру еліміздің азаматтық қорғаныс жүйесі мен мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің жұмысы тиімділігін:

республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
жұмылдыру дайындығы жөніндегі міндеттерді шешу;
жаһандық төтенше жағдайлар және соғыс қаупі туындаған кезде мемлекеттің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейге дейін арттыруға да мүмкіндік береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК